

*Л.Н.Гумилев атындағы Евразиялық ұлттық университеті, Астана,
Қазақстан*

(E-mail: astzhan@gmail.com , yussupova-zukhra@mail.ru)

Әлеуметтік интегралды GPA (SSCI) болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру факторы ретінде

Аңдатпа

Қазіргі қарқын дамып жатқан заманда ешбір адам қоғамнан шеттеніп, яғни оқшалана алмайды. Ерте балалықтан қартайған шаққа дейін біз айналамыздағы адамдармен тығыз қарым-қатынаста боламыз, тұлға-аралық қарым-қатынас орнатамыз, адамдарды бір-бірімен тұтас топтарға біріктіреміз әрі осылайша көптеген және сан алуан қарым-қатынастар түрлерінің ажырамас бір мүшесі болып табыламыз. Білім алушылар да қоғамның толық құқықты қатысушы бола тұрып, әлеуметтік белсенділігі жоғары тұлға ретінде қарастырылады.

Мақалада «әлеуметтік интегралды GPA» тұжырымдамасының мәні қарастырылады. Сонымен қатар, әлеуметтік белсенділікті жүзеге асыруды қамтамасыз ететін құрамдас бөліктер айқындалады. Әлеуметтік GPA интеллектуалдық даму, қарым-қатынас дағдыларын, әлеуметтік және волонтерлік қызмет, шығармашылық белсенділік және спорттық жетістіктерін қамтиды. Сондай-ақ, жаһандану жағдайында еңбек нарығын тәжірибеге бағытталған адами капиталмен қамтамасыз етеді.

Студенттік ұйымдарға қатысу, волонтерлік және спорттық іс-шаралармен айналысу топпен жұмыс істеу дағдыларын, көшбасшылық қасиеттерін, жеке және ұжымдық жауапкершілікті қалыптастыру және дамытуға оң әсерін тигізеді. Роулин мен Бангертердің [1] зерттеуі студенттер ұйымының жетекшілігінің көшбасшылық қасиеттерді нығайтуға ықпал ететінін көрсетеді. Білім алушылардың қоғамдық іс-әрекетке қатысуы мен сыни тұрғыдан ойлауды дамыту арасындағы байланысы да жоғары.

Әлеуметтік белсенділік көптеген құзыреттіліктерді және дағдыларды дамытады: қарым-қатынас дағдылары, спорт және салауатты өмір салты, эмоционалды интеллект (EI), еріктілік, топтық жұмыс және т.б.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі жоғары білім беру жүйесінің мақсаты – ғылымға негізделген экономиканы құруға қатысатын, қоғам алдындағы жоғары әлеуметтік жауапкершілігі бар жеке тұлғаны қалыптастырудың маңыздылығымен анықталады.

Түйін сөздер: әлеуметтік интегралды GPA, интеллектуалдық даму, волонтерлік қызмет, шығармашылық белсенділік, қарым-қатынас дағдылары, спорттық жетістіктер, қоғам, әлеуметтік белсенділік, құзыреттілік.

Кіріспе

Қоғам өміріндегі әлеуметтік-саяси өзгерістер білім беру жүйесіндегі жастардың белсенділігі және оларды әлеуметтік дамуына деген көзқарастың өзгеруіне әкелді. Қазіргі заман жастардан қоғамның белсенді, жігерлі әрі ынталы мүшелелрі болуын талап етеді. Сол себепті бүгінгі күннен бастап жастардың белсенді әлеуметтік позицияға көшу тетіктерін іздейтін уақыт келді. Болашақ көшбасшылар бүгіннен басталады.

Қазіргі уақыт жастардан қоғамдық қатынастарға қатысу, адамдармен және экономикалық, саяси және рухани салалардағы әлеуметтік қарым-қатынас институттарында белсенділікті танытуларын қажет етеді.

Отандық жоғары оқу орындарында студенттердің тек оқу жетістіктері ғана бағаланады. Сонымен қатар, студенттердің қоғамдық өмірге және волонтерлік қызметке қатысу дәрежесін анықтау, яғни әлеуметтік белсенділік тетігі қарастырылмаған.

2022 жылғы 24-25 тамызда Астана қаласында «Адами капитал – Жаңа Қазақстан дамуының негізгі ресурсы» атты ғылым және жоғары білім форумы өтті, онда заманауи білім берудегі негізгі тенденциялар мен білім беруді дамытудың бағыттары талқыланды. жоғары білім мен ғылым жүйесі жаңа міндеттерге сәйкес айқындалды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 105-тармағына сәйкес Жоғары оқу орындары студенттерінің интегралды, оның ішінде эксперименттік режимде студенттердің әлеуметтік GPA-ны іске асыру тәртібі туралы ереже бекітілді.

Әлеуметтік белсенділікті дамыту мәселесін украин ғалымы О. Безпалько [2] әлеуметтену теорияларының контекстінде қарастырған. Ал Ресей зерттеушілері А.Иванов [3] және Э.Шакирова [4] әлеуметтік белсенділіктің әр түрлі құрамдас бөліктерін ажыратқан.

Зерттеу әдістері

Бұл мақалада теориялық талдау мен синтез әдістері қолданылады. Фактілерді тікелей шешуге көмектесетін тәжірибе мен тәжірибені жалпылау әдістері мағыналы әдістер болып табылады. Теориялық талдау және синтез әдісі зерттелетін құбылыстың табиғатын, оның құрылымын, өзара байланысын және даму динамикасын ашуға мүмкіндік береді. Мақалада зерттеу тақырыбы бойынша нормативтік-құқықтық базаны талдаудың дәстүрлі әдісі, нақтылау, жинақтау, және салыстыру әдістері де қолданылады.

Негізгі бөлім

Интегралды GPA студенттердің оқу жетістіктерінің деңгейін, олардың ғылыми-зерттеу қызметіне бейімділігін, сонымен қатар әлеуметтік құзыреттіліктердің қалыптасу көрсеткішін ашады.

Студенттердің әлеуметтік GPA-ны іске асыру тәртібі туралы бекітілген ережесінде схемаға сәйкес Интегралды GPA (IGPA) сомасы

$$IGPA = GPA*0,5 + IROS*0,35 + SSCI*0,15 (1)$$

есептеу қосындысы болып табылады, мұндағы:

GPA – білім алушының оқу жетістіктері деңгейінің орташа өлшенген бағасы;

IROS – студенттің зерттеушілік дағдылары мен құзыреттіліктерінің жиынтығы;

SSCI – бұл әлеуметтік құзыреттер мен спорттық жетістіктер деңгейінің жиынтығы.

Біз мақаламызда біз үшінші компонентті, яғни студенттің әлеуметтік және спорттық жетістіктерін әлеуметтік белсенділік ретінде толығырақ қарастыратын боламыз.

Студенттің әлеуметтік және спорттық жетістіктері (ӘСБК – әлеуметтік және спорттық бәсеке көрсеткіштері) білім алушының мемлекеттік қызмет (қоғамдық қызмет) процесінде алған дағдылары мен дағдыларының жиынтығы, оның ішінде волонтерлік), әлеуметтік және спорттық іс-шаралар, көрсеткіштермен өлшенеді және оның әлеуметтік құзыреттіліктерінің орташа ұпайын көрсетеді.

Әлеуметтік GPA қарым-қатынас дағдыларын, интеллектуалдық даму, волонтерлік қызмет, спорттық жетістіктерді және шығармашылық белсенділікті қамтиды.

Жалпы қоғам үшін студенттердің әлеуметтік белсенділігі әлеуметтік маңызды өзгерістерді қамтамасыз ететін прогрестің ең маңызды ресурсы болып табылады. Студенттің өзі үшін ол өзін қоршаған әлемге ықпал ете алатын субъект ретінде өзін-өзі жүзеге асырудың ішкі шарты болып табылады.

Осы мәселені ескере отырып, бірнеше құрамдас бөліктерден тұратын әлеуметтік GPA интеграциялауды жүзеге асыру жастардың бойында азаматтық-патриоттық құндылықтарды, сондай-ақ, жоғары әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруға оң септігін тигізеді.

Шетелдік зерттеушілер Д.Джонсон мен Р.Джонсон қарым-қатынас дағдыларын серіктестер арасындағы хабарламаны беру және қабылдау процестері тұрғысынан жіктейді [5]. Хилл Р. коммуникациялық дағдыларды қарым-қатынас жасау қабілеті, қабылдау қабілеті, вербалды және вербалды емес мінез-құлық дағдылары деп топтастырады [6].

Бүгінгі таңда жоғары білім кәсіби міндеттерді жедел және тиімді жүзеге асыруға қабілетті «жаңа типті» мамандарды дайындауға бағытталады. Осыған байланысты студенттердің оқу, әлеуметтік және кәсіби табыстылығын қамтамасыз етуде коммуникативті дағдыларды қалыптастыру және дамыту мәселесі ерекше маңызға ие [7]. Олардың ішінде:

- студенттік клубтың іс-шараларына белсенді қатысу;
- ақпаратты бөлісу (студенттер арасында көпшілікке пайдалы ақпаратты тарату, соның ішінде әлеуметтік желілер арқылы);

- студенттік ұйымдардың жұмысына ресми көшбасшы ретінде қатысу және т.б.;

Жоғарыда аталып өткен құрамдас бөліктерге нақтырақ тоқталып кетейік (1-сурет)



Сурет 1. Әлеуметтік GPA-дің құрамдас бөліктері

Спорттық жетістіктер әлеуметтік белсенділіктің ажырамас бөлігі болып табылады. Аз қозғалысты өмір салты білім алушылардың денсаулығына теріс әсер етіп, шаршау мен стресске әкелуі мүмкін. Спортпен тұрақты түрде шұғылдану есте сақтау қабілетін жақсартып, білім алушылардың зейінін арттырады. Студенттер ағзаларының функционалдық деңгейі көтеріліп, соған байланысты мидың когнитивтік қызметінің тиімділігі, танымдық белсенділік және оқу процесінің табыстылығы жоғарлана түседі.

Топтық спорт түрлеріне қатысу әлеуметтік дағдыларды дамытуға және қарым-қатынасты нығайтуға көмектеседі [8].

Спорт қарым-қатынас дағдыларын, көшбасшылық қасиеттерін және топтық жұмыс қабілетін дамытады. Бұл студенттің болашақ мансабына өте пайдалы болып табылады. Осылайша, спорттық әлеуметтік белсенділікті келесідей топтастыруға болады:

- әртүрлі деңгейдегі спорттық жарыстарға қатысу;
- студенттер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу;


- Жоғары оқу орнында спорттық жарыстар өткізу (оның ішінде ұлттық спорт түрлері);

- салауатты өмір салтының құндылықтарын насихаттау – дұрыс тамақтану, күнделікті режим, алкогольден, энергетикалық сусындардан және темекі шегуден бас тарту және т.б.

Әлеуметтік GPA-дің құрамдас бөліктерінің бірі ретінде интеллектуалды даму кез келген қызмет түрінің алғы шарты болып табылады, себебі ол теориялық білімдер жиынтығын ғана емес, практикалық дағдыларды дамытуды да қамтиды [9]. Нәтижесінде интеллектуалды даму айналасындағы адамдармен жан-жақты әрекеттесу, яғни қарым-қатынаста, іс-әрекетте, атап айтқанда, оқу және шығармашылық қызмет арқылы нығайтылады.

Білім алушылардың интеллектуалдық дамуының келесі формаларын анықтауға болады: ғылыми студенттік конференциялар мен форумдар, әр түрлі курс студенттерінің оқытушылық және ғылыми бірлестіктері, ғылыми жобалар байқаулары, гранттар, универсиадалар, олимпиадалар, турнирлер, ғылыми мектептер, тренинг сабақтары (кез келген маңызды тұлғаны дамыту бойынша).

Интеллектуалдық даму түрлері 2-Суретте көрсетілген.



Сурет 2. Интеллектуалдық даму түрлері

Осылайша, білім алушылардың интеллектуалды дамуының айқын көрсеткіштері жаңа білім, икемділік, дағдыларды меңгеру болып табылады.

Бүгінгі таңда волонтерлік қозғалыс студенттік өмірдің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Қазіргі уақытта елімізде волонтерлік жұмысқа тартылған

студенттер саны артып келеді. Осылайша, студенттік волонтерлік әлеуметтік құбылыс бүгінде еліміздің қоғамдық өмірінде ерекше маңызға ие.

Еріктілік (волонтерлік қызмет) – адами құндылықтарды сақтау, нығайту және көбейту, адамдардың құқықтары мен міндеттерін, олардың тұлғалық өсуге деген ұмтылысын, адами әлеуетті сезіну арқылы жүзеге асыру тәсілі [10].

Сонымен қатар, өз жұмыстарының нәтижесін көре отырып, студенттер рухани құндылықтардың материалдық құндылықтардан әлдеқайда маңыздырақ рөл атқаратынын түсінеді. Еңбегінің жемісін түсінген жастар еріктілік жұмыстарын жалғастырады. Бұл студенттік еріктіліктің негізгі тәрбиелік әсері болып табылады.

Шығармашылық іс-әрекет – тұлғаның әрекетте және қарым-қатынаста өзіндік, шығармашылық, жаңалық ретінде көрінетін қасиеті.

Шығармашылық белсенділік – адамның өз бетінше және белсенді түрде «іздену аймақтарын» табу, міндеттер қою, белгілі бір құрылымдардың, құбылыстардың, әрекеттердің негізінде жатқан принциптерді бөліп көрсету, білім, білік және дағдыларды бір саладан екінші салаға беру қабілеті.

Шығармашылық белсенділік әр алуан іс-әрекетте көрінеді, сондықтан техникалық, ғылыми, адамгершілік, дидактикалық, басқарушылық, көркем шығармашылықты ажыратады. Шығармашылық белсенділік білім алушылардың оқу іс-әрекетінде де қажет [11].

Университет білім берумен қатар студенттерге қоғамдық өмірде де өзін танытуға мүмкіндік береді: мәдени, спорттық шараларының барлық түрлері, байқаулар, шығармашылық студиялар және қоғамдық пайдалы бірлестіктер. Мұның барлығы студенттік өзін-өзі басқаруды құрайтын белсенді студенттердің көмегімен жүзеге асады.

Студенттердің өзін-өзі басқаруы студенттердің ішінде, олардың бастамасымен пайда болады. Студенттердің өзін-өзі басқару жүйесі «өмір бойы білім беру тұжырымдамасы» шеңберінде жүзеге асырылады және белсенді өмірлік ұстанымы бар жан-жақты дамыған, шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыруға, сондай-ақ білім алудың мүмкіндіктерін барынша пайдалануға бағытталған.

Көптеген студенттерді белсенді өмір қызықтырады, олар белгілі бір қызметте өзін-өзі жүзеге асыра алады, олардың жеке қасиеттерін дамытады, мысалы:

- ✓ өзіне деген сенімділік;
- ✓ белсенділік;
- ✓ көпшілдік;
- ✓ шығармашылық;
- ✓ ұйымдастырушылық қабілеті.

Студенттер өздерін факультеттің немесе университеттің қабырғаларында көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар қаланың, тіпті Республиканың қоғамдық ұйымдарында да өздерін көрсете алады.

Шығармашылық белсенділік қатарына студенттердің жастар саясатына қатысуын жатқызуға болады. Жастар саясаты – бұл жастардың идеяларының, көзқарастарының жүйесі және олардың қоғамдық дамудағы, сондай-ақ қаланың немесе мемлекеттің құқықтық қаржылық және саяси істеріндегі рөлі [12].

Жастар саясатының мақсаты – жастардың табысты әлеуметтенуі мен тиімді өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, жастардың әлеуетін дамыту және оны еліміздің инновациялық даму мүддесінде пайдалану.

Қорытынды

Сонымен, білім алушылардың қоғамдық белсенділігін дамыту оқу-тәрбие және сабақтан тыс процестердің үйлесімінде жүруі керек. Аудиториядағы сабақтар (жобалық іс-шаралар, рөлдік ойындар, пікірталас және т.б.) өзін және қоғамды өзгертуге бағытталған практикалық іс-әрекеттермен (студенттер өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру, студенттік бірлестіктер, әртүрлі акциялар, конкурстар және т.б.) толықтырылуы керек.

Осылайша, әлеуметтік интегралды GPA-дің жоғары білім жүйесіне еңгізілуі жаңа білім беріп қана қоймай, қоғамдық және әлеуметтік салаларға тартуға, спорттық іс-шараларға қатысу арқылы білім алушының болашақ маман ретінде жан-жақты тұлға болып қалыптасуына көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Roulin, N., Bangerter, A. (2013). Students' use of extra-curricular activities for positional advantage in competitive job markets. *Journal of Education and Work*. – 2013. – Vol.26, №1. – P. 21–47
- 2 Безпалько О. В. Розвиток соціальної активності особистості у дитячому об'єднанні // Вісник психології і педагогіки: збірник наук. праць. – К., 2012. – №8. <http://www.psych.kiev.ua> 21.07.2023.
- 3 Иванов А. В. Методика формирования социальной активности учащегося. – М., 2013. – 329 с.
- 4 Шакирова Э. Ф. Формирование социальной активности у студентов с ограниченными возможностями здоровья во внеучебной деятельности // Вестник университета: социология и управление персоналом. – М., 2007. – № 11(37). – С. 120-121.
- 5 Johnson D.W., Johnson R T Social skills for successful group work // *Educational Leadership*. – N-Y. – 2007. – P. 29–33.
- 6 Teaching Revision: results and Perspectives. – *The Education Digest*. – 2008. Vol.54, № 1. – P. 22–23
- 7 Решетова, О.В. Коммуникативная компетентность как фактор успешной учебной деятельности студентов: методические рекомендации. – Оренбург. – Издательство ГОУ ОГУ, 2005. – 75 с.

- 8 Пера А.М. Как студенты могут улучшить свою жизнь при помощи спорта // Вестник науки. – 2023. – №6 (63). <https://cyberleninka.ru/article/n/kak-studenty-mogut-uluchshit-svoyu-zhizn-pri-pomoschi-sporta> 21.07.2023.
- 9 Курбатова А.С., Шапранова Н.Н. ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ СТУДЕНТОВ ВУЗА // Интеллектуальный потенциал XXI века: ступени познания. – 2016. – №33. <https://cyberleninka.ru/article/n/intellektualnoe-razvitie-studentov-vuza> 21.07.2023.
- 10 Левдер И.А. Добровольческое движение как одна из форм социального обслуживания. – 2006. – №2. – С. 36.
- 11 Зарипова Э.Р., Биктагирова Г.Ф. ТВОРЧЕСКАЯ АКТИВНОСТЬ МОЛОДЕЖИ ЧЕРЕЗ СТУДЕНЧЕСКУЮ САМОДЕЯТЕЛЬНОСТЬ // Международный журнал экспериментального образования. – 2014. – № 7-1. – С. 78-79. <https://expeducation.ru/ru/article/view?id=5494> 26.07.2023.
- 12 Ильинский И.М. Образование, молодежь, человек / Кн. 2. – М.: Изд-во МосГУ, 2009. – 530 с.

Ж .Е. Зулпыхар¹, З.Ф. Эбдіхалық²

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
(e-mail: astzhan@gmail.com , yussupova-zukhra@mail.ru)*

Социальный интегральный GPA (SSCI) как фактор повышения конкурентоспособности будущих специалистов

Аннотация. В современный бурно развивающийся век ни один человек не может быть изолирован от общества. С раннего детства и до старости мы находимся в тесном контакте с окружающими нас людьми, устанавливая межличностные отношения, объединяя людей друг с другом в целые группы, становясь, таким образом, неотъемлемой частью бесчисленных и разнообразных типов отношений. Студенты, являющиеся полноправными членами общества, также рассматриваются как личность с высокой социальной активностью.

В статье рассматривается значение понятия социальный интегральный GPA. Кроме того, определены компоненты, обеспечивающие реализацию социальной активности. Социальный интегральный GPA включает интеллектуальное развитие, коммуникативные навыки, социальную и волонтерскую деятельность, творческую активность и спортивные достижения. Также в условиях глобализации социальный интегральный GPA обеспечивает рынок труда практикоориентированным человеческим капиталом.

Участие в студенческих организациях, волонтерская и спортивная деятельность положительно влияют на формирование и развитие навыков работы в команде, лидерских качеств, индивидуальной и коллективной ответственности. Исследование Роулина и Бангертера [1] показывает, что лидерство в студенческой

организации способствует укреплению лидерских качеств. Также высока связь между участием студентов в общественной деятельности и развитием критического мышления.

Социальная активность развивает многие компетенции и навыки: коммуникативные навыки, занятия спортом и здоровым образом жизни, эмоциональный интеллект (ЭИ), волонтерство, работу в команде и др.

Актуальность темы исследования определяется важностью цели системы высшего образования - формирование личности, участвующей в создании наукоемкой экономики и обладающей высокой социальной ответственностью перед обществом.

Ключевые слова: социальный интегральный GPA, интеллектуальное развитие, волонтерство, творческая активность, коммуникативные способности, спортивные достижения, общество, социальная активность, компетентность.

Zh.E. Zulpykhar¹, Z.F. Abdikhalyk²

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

(e-mail: astzhan@gmail.com , yussupova-zukhra@mail.ru)

Social integral GPA (SSCI) as a factor in increasing the competitiveness of future specialists

Abstract. In today's rapidly developing age, not a single person can be isolated from society. From early childhood to old age, we are in close contact with the people around us, establishing interpersonal relationships, uniting people with each other in whole groups, thus becoming an integral part of countless and diverse types of relationships. Students who are full members of society are also considered as individuals with high social activity.

The article discusses the meaning of the concept of social integral GPA. In addition, the components that ensure the implementation of social activity are identified. The Social Integral GPA includes intellectual development, communication skills, social and volunteer activities, creative activity and sports achievements. Also, in the context of globalization, the social integral GPA provides the labor market with practice-oriented human capital.

Participation in student organizations, volunteering and sports activities have a positive effect on the formation and development of teamwork skills, leadership qualities, individual and collective responsibility. Rowlin and Bangerter's research [1] shows that leadership in a student organization contributes to the strengthening of leadership skills. There is also a high correlation between student participation in social activities and the development of critical thinking.

Social activity develops many competencies and skills: communication skills, playing sports and a healthy lifestyle, emotional intelligence (EI), volunteering, teamwork, etc.

The relevance of the research topic is determined by the importance of the goal of the higher education system - the formation of a personality involved in the creation of a knowledge-intensive economy and having a high social responsibility to society.

Key words: social integral GPA, intellectual development, volunteering, creative activity, communication skills, sports achievements, society, social activity, competence.

Авторлар туралы мәлімет:

Зулпыхар Ж.Е. – п.ғ.к, «Информатика» кафедрасының меңгерушісі», Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Әбдіхалық З.Ф. – «Информатика» кафедрасының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Zulpykhar Zh.E. – Candidate of Pedagogical Sciences, Head of the Department of Computer science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Abdikhalyk Z.F. – doctoral student, Department of Computer Science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.